



## БҰЙРЫҚ

04.12.2020 ж.

Талдықорған қаласы

## ПРИКАЗ

№

П-367

город Талдықорған

### «Банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттету туралы»

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы 176-V Заңының 12 бабының 10 тармағы 3 тармақшасына сәйкес және "Жаркент Строй Сервис" ЖШС (БСН 071040008694) 2020 жылғы 24 қарашадағы кредиторлар жиналысының шешімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Наталья Борисовна Тряхова банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.

2. Наталья Борисовна Тряхова банкроттық басқарушы тағайындалған мерзімнен бастап, жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды өткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы С.С.Шайкеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

С.Дынбаев